

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Алматы қаласы

2014 ж. 29 мамыр -7 маусым

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «Қосымша білім берудің музыка бағытында балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуын ұйымдастырудың заманауи жолдары» тақырыбындағы республикалық біліктілікті арттыру курстарын 2014 жылғы 29 мамыр - 7 маусымда Алматы қаласындағы № 12 Балалар музыка мектебінде өткізді.

Курстың мақсаты музыкалық бағыттағы педагогтер үшін балалардың музыкалық дүниетанымдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша заманауи тәсілдерді меңгеруге жағдай жасау.

Курсқа республиканың барлық өңірлерінен музыка мектептерінің қосымша білім беру педагогтері қатысты.

Оқыту барысында тыңдаушылар музыкалық бағыттағы теориялық білімдерін жаңғыртты, қосымша білім беру ұйымдары жұмысының практикалық тәжірибесімен танысты, курс соңында тыңдаушылардың өзіндік жұмысы және жобаларды қорғау ұйымдастырылды.

Курс соңында тыңдаушыларға біліктілігін арттырғаны жөнінде куәліктер табысталды.